

Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № А-2/80 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне коммуналдық қызмет шығындарын өтеуге әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі қосымша шаралар туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2010 жылғы 23 ақпандағы № А-2/61 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 25 наурызда № 3350 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 8 ақпандағы № А-2/58а қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 08.02.2012 № А-2/58а (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңдарына сәйкес, Ақмола облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 10 желтоқсандағы "2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" № 4С-19-2 шешімі негізінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3342 болып тіркелген) облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысы әкімдігінің «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне коммуналдық қызмет шығындарын өтеуге әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі қосымша шаралар туралы» 2009 жылғы 26 ақпандағы № А-2/80 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3316 болып тіркелген, 2009 жылдың 7 сәуірінде «Арқа ажары» және «Ақмолинская правда» газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспеде «Ақмола облыстық маслихаттың 2008 жылғы 13 желтоқсандағы «2009 жылға арналған облыстық бюджет туралы» № 4С-11-5 шешімі негізінде» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3286 болып тіркелген)» сөздері «Ақмола облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 10 желтоқсандағы "2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" № 4С-19-2 шешімі негізінде» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3342 болып тіркелген)» сөздерімен ауыстырылсын;

5 тармақта «Ғ.М.Бекмағамбетовке» сөздері «Қ.С.Әбдірайымовқа» сөздерімен ауыстырылсын;

7 тармақта «осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтарынан кейін пайда болған құқықтық қатынастарға тарайды» сөздері «осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтарынан кейін пайда болған құқықтық қатынастарға тарайды» сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

А.Рау